

Ақсу қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 29/4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 мамырда № 7333 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365- бабы 3- тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 377 бұйрығына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақсу қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ақсу қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 ақпандағы "Ақсу қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге (кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді есепке алмай) арналған тарифтерді бекіту туралы" № 177/22 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5907 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу қалалық мәслихатының төрағасы

М. Омарғалиев

Ақсу қалалық
мәслихатының 2023 жылғы
28 сәуірдегі № 29/4
шешіміне қосымша

Ақсу қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	айына 1 тұрғыннан	420
Жайлы емес үйлер	айына 1 тұрғыннан	430,5
Бір бірлігіне (көлемі) жылдық тариф	1 м3	2 583

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК